

Бекітемін:

«Зере» бөбекжай – балабақшасының

менгерушісі



У.Б Кузенбаева

Педагогикалық әдеп кеңесі

Төрайымы: Кәри І.Д

2025 - 2026 оқу жылы

**МКҚК «Зере» бөбекжай-балабақшасының
Педагогикалық әдеп кеңесінің 2025-2026 оқу жылына
жұмыс жоспары**

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы 1. Педагогтердің құмар ойын ойнамауы және оның салдары. 2. Педагогтердің өзара қарым-қатынаста бедел, абырой, қадір-қасиетті құрметтеуі. 3. Педагогтердің жұмыстан тыс уақытта қоғамда ұстаз мәртебесіне лайықты әрекет етуі (былапыт сөз қолданбау, киім үлгісін сақтау, масан күйде болмау, т.б.).	Қыркүйек 2025 жыл	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы 1. Педагогтың сөйлеу мәдениеті мен дауыс ырғағы. 2. Балалармен және ата-аналармен әдепті қарым-қатынас жасау ерекшеліктері.	Желтоқсан 2025 жыл	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы 1. Ұжымдағы қарым-қатынас әдебі. 2. Кәсіби әдепті сақтауда туындайтын қиын жағдайларды талдау.	Наурыз 2026 жыл	Хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы 1. Педагог беделі және кәсіби әдеп. 2. Балабақшада қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудағы тәрбиешінің рөлі. 3. Әдеп нормаларын сақтаудың жылдық қорытындысы.	Мамыр 2026 жыл	Хаттама

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «ЗЕРЕ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК	ГККП «ДЕТСКИЙ ЯСЛИ – САД «ЗЕРЕ» ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ТЕМИРСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
Кеңқияқ ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі, №11 тел: 26-3-12 zere_sadik@mail.ru	

Бұйрық № 168

11.09.2025

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы
№190 бұйрығы.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5- бабының 79» тармақшасына сәйкес

«Педагог –мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 3- тармағына
және 16-бабының 1-тармағына негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес төмендегі құрам бойынша құрылсын:

- Кари Инкар Дәрігерқызы Төраға
- Сабенова Н.Ж
- Жанаева Г.И
- Кожаева У.С
- Турганбаева Ж.Б
- Жиенбаева Б.П
- Есенова Л.А

Хатшы: Сәрсен Гүлзат Сейілқызы

2. Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшеелері өз өкілеттілігін өтеусіз негізінде 2025 жылдан
2028 жылға дейін жүзеге асырылсын.

Бұйрықтың орындалуын бақылау әдеп кеңесінің төрайымы Кари.І.Д жүктелсін.

МКҚК «Зере» бөбекжай- балабақшасы

меңгерушісі:  У.Б. Кузенбаева



МҚКК «Зере» бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы
Хаттама №1

Өткізілген күні: «4» Қыркүйек 2025 жыл

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысқандар: 15

Күн тәртібі:

1. Педагогтердің құмар ойын ойнамауы және оның салдары.
2. Педагогтердің өзара қарым-қатынаста бедел, абырой, қадір-қасиетті құрметтеуі.
3. Педагогтердің жұмыстан тыс уақытта қоғамда ұстаз мәртебесіне лайықты әрекет етуі (былапыт сөз қолданбау, киім үлгісін сақтау, масаң күйде болмау, т.б.).

Тыңдалды:

1. Бүгінгі күннің мәселесі бойынша Педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы Хамза Айдана сөз сөйледі.
Құмар ойынға әуестенудің қоғамға, жеке тұлғаға және ұстаздың беделіне кері әсерлері атап өтілді.
2. Ұжым ішінде сыйластық, абырой мен қадір-қасиетті құрметтеу педагогтің басты міндеттерінің бірі екені айтылды.
3. Ұстаздың әрбір әрекеті қоғам назарында болатындықтан, жұмыстан тыс уақытта да педагогтік әдеп сақталуы керектігі ескертілді.

Қаулы қабылданды:

1. Педагогтер құмар ойын ойнаудан, оның кез келген түрінен бас тартуы тиіс. Бұл талаптың бұзылуы еңбек тәртібіне нұқсан келтіреді.
2. Әрбір педагог өзара сыйластықты сақтап, ұжымдық әдепті құрметтеуге міндетті.
3. Педагог жұмыстан тыс уақытта да мәдениеттілікті сақтап, ұстаздық мәртебеге көлеңке түсіретін әрекеттерге жол бермеуі керек.
4. Қаулының орындалуы ұжым басшылығы тарапынан бақылауға алынады.

Төраға:

Хатшы:



№2 ХАТТАМА

Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы

Өткізілген уақыты: Желтоқсан 23.12.2025 жыл

Өткізілген орны: МКҚК «Зере» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері, тәрбиешілер

КҮН ТӘРТІБІ:

1. TikTok әлеуметтік желісінде стрим жүргізу және педагогикалық әдепті сақтау мәселесі
2. Педагогтың сөйлеу мәдениеті мен дауыс ырғағы
3. Балалармен және ата-аналармен әдепті қарым-қатынас жасау ерекшеліктері

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңесінің төрайымы сөз сөйлеп, соңғы уақытта педагогтардың әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok платформасында тікелей эфир (стрим) жүргізу жағдайларының жиілегенін атап өтті. Стрим жүргізу барысында педагогтың сөйлеу мәнері, сыртқы келбеті мен мінез-құлқы педагог беделі мен білім беру ұйымының имиджіне кері әсер етуі мүмкін екені айтылды. Балаларға, ата-аналарға және мекеме қызметіне қатысты акпараттарды әлеуметтік желіде рұқсатсыз жариялауға жол берілмейтіні қатаң ескертілді.

Екінші мәселе бойынша педагогтың сөйлеу мәдениеті мен дауыс ырғағының маңызы талқыланды. Баламен қарым-қатынаста сабырлы, сыпайы сөйлеу, жағымсыз сөздерді қолданбау қажеттігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста педагогтың әдептілігі, ұстамдылығы және жауапкершілігі басты назарда болуы керектігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Педагогтарға әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok платформасында стрим жүргізу кезінде педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтау тапсырылсын
- Балабақшаға, балаларға және ата-аналарға қатысты мәліметтерді әлеуметтік желіде рұқсатсыз жариялауға тыйым салынсын
- Педагогтардың сөйлеу мәдениеті мен дауыс ырғағына тұрақты бақылау жүргізілсін
- Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп талаптарын сақтау міндеттелсін

Кеңес төрайымы: _____

Хатшы: _____

«ЗЕРЕ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №3 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 13.03.2025 жыл

Өткізілген орны: «Зере» бөбекжай-балабақшасы

КҮН ТӘРТІБІ:

Ұжымдағы қарым-қатынас әдебі.

Кәсіби әдепті сақтауда туындайтын қиын жағдайларды талдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Әдеп кеңесінің төрағасы **Кәрі І.Д.**
«Ұжымдағы қарым-қатынас әдебі» тақырыбында баяндама оқыды.

Баяндамашы ұжымдағы жағымды қарым-қатынас пен өзара сыйластықтың маңыздылығына тоқталып өтті. Әріптестер арасындағы кәсіби қарым-қатынасты нығайту, қызметтік міндеттерді жауапкершілікпен орындау, бір-бірінің пікірін құрметтеу және ұжымдық мәдениетті қалыптастыру мәселелері талқыланды. Сонымен қатар педагогтердің әдеп қағидаларын сақтауы білім беру ұйымының оң беделін қалыптастырудың негізгі көрсеткіштерінің бірі екендігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша кәсіби әдепті сақтауда туындайтын қиын жағдайлар талданды. Педагогикалық қызмет барысында кездесетін әртүрлі жағдайларда сабырлылық таныту, әріптестермен және ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас орнату, даулы мәселелерді заң талаптары мен әдеп нормаларына сәйкес шешу жолдары қарастырылды.

Сонымен қатар педагогтің кәсіби әдебі мен мінез-құлқы ұйымның ішкі мәдениетіне және қоғам алдындағы беделіне тікелей әсер ететіні айтылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагогтер күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіріп, ұжымдағы өзара сыйластық пен ынтымақтастықты сақтау, кәсіби әдеп талаптарын қатаң ұстану қажеттігін атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ұжымдағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және нығайту бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

Педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауына тұрақты бақылау жүргізілсін.

Әдеп қағидаларын насихаттау және түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Даулы мәселелер туындаған жағдайда оларды әдеп нормалары мен қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес шешу қамтамасыз етілсін.

Қабылданған шешімдердің орындалуы бақылауға алынсын.

—
Әдеп кеңесінің төрағасы: Кәри І.Д.

Хатшы: Сәрсен Г.С.

«Зере» бөбекжай-балабақшасы

Әдеп жөніндегі кеңестің кезектен тыс №4 отырысының хаттамасы

Өткізілген күні: 30.04.2026 ж.

Өткізілген орны: «Зере» бөбекжай-балабақшасы

Күн тәртібі:

Азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау.

Мас күйінде көлік жүргізудің алдын алу.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен отбасылық жанжалдардың алдын алу.

Еңбек демалысы кезеңінде қызметтік әдеп талаптарын сақтау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы **Кәри Інкәр Дәрігерқызы** баяндама жасады.

Баяндамашы азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау – әрбір қызметкердің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті. Қызметтік әдеп қағидаларын сақтау мекеменің оң беделін қалыптастырып, қоғамның сенімін арттыратыны айтылды.

Сонымен қатар, мас күйінде көлік жүргізудің адам өміріне қауіп төндіретіні және заң алдында жауапкершілікке әкелетіні түсіндірілді. Азаматтық қызметшілерге жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау қажеттілігі ескертілді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен отбасылық жанжалдардың алдын алу мәселелері қаралып, әрбір қызметкердің отбасы құндылықтарын құрметтеп, қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты сақтауға үлес қосуы керектігі айтылды.

Сондай-ақ еңбек демалысы кезінде де қызметтік әдеп нормаларын сақтау, қоғамдық орындарда мәдениеттілік таныту, азаматтық қызметші мәртебесіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу мәселелері талқыланды.

Қаулы:

Азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Мас күйінде көлік жүргізудің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстар күшейтілсін.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және отбасы құндылықтарын насихаттау жұмыстары жалғастырылсын.

Еңбек демалысы кезеңінде қызметтік әдеп талаптарын сақтау жөнінде қызметкерлерге ескертілсін.

Қабылданған қаулының орындалуы бақылауға алынсын.

Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы: Қари Ғ.Д. 

Хатшы: Сәрсен Ғ.С. 



«ЗЕРЕ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ №5 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 29.05.2026 жыл

Өткізілген орны: «Зере» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: 18 педагог

Қатыспағандар: 6 педагог

КҮН ТӘРТІБІ:

Педагог беделі және кәсіби әдеп.

Балабақшада қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудағы тәрбиешінің рөлі.

Әдеп нормаларын сақтаудың жылдық қорытындысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Әдеп кеңесінің төрағасы **Кәри І.Д.** сөз сөйлеп, «Педагог беделі және кәсіби әдеп» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндама барысында педагогтің кәсіби мәдениеті, қызметтік міндеттерін адал атқаруы, әріптестермен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынаста әдеп нормаларын сақтауы педагог беделінің негізгі көрсеткіші екендігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша балабақшада қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудағы тәрбиешінің рөлі талқыланды. Тәрбиешінің балаларға деген қамқорлығы мен мейірімді қарым-қатынасы, ұжымдағы сыйластық пен ынтымақтастықты қалыптастырудағы маңызы айтылды.

Үшінші мәселе бойынша педагогтердің әдеп нормаларын сақтау бағытында атқарылған жұмыстардың жылдық қорытындысы тыңдалды. Жыл бойы ұжымда педагогикалық әдеп талаптарын сақтау, кәсіби мәдениетті дамыту, педагог мәртебесін көтеру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Педагогтер күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікір алмасып, ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды сақтау, педагогикалық әдеп нормаларын қатаң ұстану және кәсіби мәдениетті одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстарын білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау бойынша жұмыстар тұрақты түрде жүргізілсін.

Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар жалғастырылсын.

Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Педагог мәртебесін көтеруге бағытталған іс-шараларға белсенді қатысу қамтамасыз етілсін.

Осы хаттамада қабылданған шешімдердің орындалуы бақылауға алынсын.

Әдеп кеңесінің төрағасы: Кәріп І.Д.

Хатшы: Сәрсен Г.С.

